

Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы

Күшін жойған

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1991 жылғы 5 маусымдағы Заңы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы N 274-IV Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2010.05.04 N 274-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 44-баптан қараңыз) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Бұл Заң тұтынушылар праволарын қорғаудың праволық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ кепілдіктерін баянды етеді.

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары тұтынушылардың өздерін сапалы товарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жеке праволарын қорғауға байланысты тиімді шараларды жүзеге асыруға міндетті.

I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-статья. "Тұтынушылардың праволарын қорғау" туралы Қазақ ССР Заңының мақсаттары мен негізгі міндеттері

"Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы" Қазақ ССР Заңы тұтынушы мен сатушының немесе жұмыс атқарушының, қызмет көрсетушінің арасындағы қарым-қатынасты реттеуді, олардың праволары мен міндеттерін белгілеуді, тұтынушылардың праволарын қорғау мәселелерін шешуді мақсат етеді және мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Азаматтардың заңды мүдделерінің дайындаушылар мен сатушылардың мүдделерінен басымдығын мойындау.

2. Тұтынушылардың ақпар алу, сапалы өнім алу, сапалы товар айырбастап алу праволарын, сондай-ақ тұтынушыларға сапасыз товар сатқан жағдайда өз праволарын жүзеге асыру.

3. Тұтынушыны оның өмірі мен денсаулығына төнетін хауіп-қатерден қорғау.

4. Тұтынушылардың мүдделерін қорғау саласында халықаралық және республикааралық ынтымақтастықты кеңейту.

5. Тәуелсіз топтардың (тұтынушылар қоғамдарының) құрылуына және қызметіне көмектесу.

2-статья. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар қолданылады:

1. Тұтынушы - жеке өзі тұтыну немесе жеке меншік шаруашылықта пайдалану мақсатында товар сатып алатын және жұмыстар мен қызметтерді пайдаланатын азамат.

2. Сатушы - товарларды сатып алу-сату шарты бойынша өткізетін кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе азамат.

3. Дайындаушы - товарды өткізу үшін өндіретін кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе азамат.

4. Орындаушы - жұмыс атқаратын немесе қызмет көрсететін кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе азамат.

5. Шарт - сапа, мерзім, баға және сатып алу, сату, жұмыс пен қызмет жүзеге асырылатын басқа да жағдайлар туралы тұтынушы мен сатушының (орындаушының) арасындағы ауызша немесе жазбаша келісім.

6. Өнім - товарлар, жұмыстар, қызметтер.

7. Нормативтік-техникалық құжат - мемлекеттік стандарттар, шарттар, құрылыс нормалары мен ережелері, мемлекеттік фармакопея және дәрі-дәрмектердің уақытша фармакопеялық жазбалары, техникалық шарттар, техникалық сипаттамалар, рецептура және өткізуге жататын өнімге, жұмысқа, қызметтерге қойылатын талаптарды бекітетін басқа да құжаттамалар.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

3-статья. Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы заңдар

1. Тұтынушылардың праволары мен оларды жүзеге асыру механизмі осы Заңмен және Қазақ ССР-інің осы заңға сәйкес шығарылатын басқа да Заң актілерімен реттеледі. Z040544 , Z010142 , Z960003

2. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің, республикалық министрліктер мен ведомстволардың, халық депутаттары жергілікті Советтерінің нормативтік актілері тұтынушылардың праволарын шектей алмайды және оларды қорғаудың кепілдіктерін Заңда белгіленгендегіден төмендете алмайды.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

4-статья. Бір одақтас республиканың тұтынушылар праволарын қорғау туралы заңдарын екінші одақтас республикада қолдану

1. Бір одақтас республиканың тұтынушылар праволарын қорғау туралы заңдары екінші одақтас республикада мынадай ережелерге сәйкес қолданылады:

- тұтынушылардың ақпар, сапалы товар алу, сапалы товар айырбастау праволарын, сондай-ақ тұтынушының өзіне сапасыз өнім сатқан жағдайдағы

праволарын жүзеге асырудан туындайтын қатынастарға және жұмыс орындау мен қызмет көрсету туралы шарттың жағдайлары бұзылған ретте заңдарда немесе тараптардың келісімінде басқа нәрсе көзделмеген болса, өнімді сатып алған жердің Заңы қолданылады;

- тұтынушылардың өмірі мен денсаулығын хауіпсіздендіру правосын жүзеге асырудан туындайтын қатынастарға, сондай-ақ сапасыз өнімімен зиян келтіруден туындайтын міндеттемелерге дау қаралған жердің Заңы, ал тұтынушының өтініші бойынша зиян келтірген жердің Заңы қолданылады.

2. Егер республикааралық келісімде (шартта) бір одақтас республиканың заңын екінші одақтас республикада қолданудың өзгеше ережелері көзделген болса, республикааралық келісімнің (шарттың) ережелері қолданылады.

5-статья. Халықаралық шарттар

Қазақ ССР-і қатысатын халықаралық шартта тұтынушылардың праволарын қорғау туралы республикалық заңдардағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

II БӨЛІМ. ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ПРАВОЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ

6-статья. Өнім тұтынушылардың праволары

К е з к е л г е н т ұ т ы н у ш ы :

- тұтынудың кепілдік берілген деңгейіне;
- товарларды еркін сатып алуға, жұмыстар мен қызметтерді пайдалануға;
 - с а п а л ы ө н і м г е ;
 - өнім туралы толық та шынайы хабарламаға;
 - х а у і п с і з ө н і м г е ;
- сотқа және мемлекет уәкілдік берген басқа да органдарға өтініш жасауға;
 - тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарына бірігуге;
 - келтірілген зиянды өтеттіруге құқылы.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

7-статья. Тұтынушының тұтынудың кепілдік берілген деңгейіне және мемлекеттің өз экономикалық мүдделерін қорғауына правосы

1. Қазақ ССР-інің барлық азаматтары кепілдік берілген тұтыну деңгейіне сәйкес келетін түрлер мен көлемде товарлар, қызметтер және басқа игіліктер а л у ғ а п р а в о л ы .

2. Кепілдік берілген тұтыну деңгейі және соған сәйкес жан басына шаққандағы ең төменгі табыс деңгейі, оларды қараудың тәртібі мен мерзімі,

сондай-ақ оларды қамтамасыз ету шаралары Қазақ ССР заң актілерімен, сондай-ақ халық депутаттары жергілікті Советтерінің шешімдерімен тиісті бюджеттерді бекіткен кезде жыл сайын белгіленіп отырады.

3. Қазақ ССР Министрлер Кабинеті, атқарушы-өкімші органдар:

- барлық азаматтарға товарлар мен қызметтерді кепілдік берілген тұтыну деңгейіне сәйкес түрлер мен көлемде, жан басына шаққандағы ең төмен табыс деңгейін белгілеген кезде есепке алынған баға бойынша сатып алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті;

- аталған товарлар мен қызметтерді еркін сатып алуға мүмкіндік жоқ жекелеген облыстар мен қалаларда оларды нормалап бөлуді енгізуге тиіс.

4. Осы статьяның 3-тармағында көзделген азаматтардың праволарын қорғау азаматтың немесе тұтынушылардың қоғамдық ұйымының аудандық немесе қалалық атқару органдарының өз міндеттерін орындамағаны туралы талап қоюы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Талапты қанағаттандырған жағдайда сот осы статьяның 3-тармағында көзделген міндеттерді заттай орындау туралы, ал товарлар мен қызметтерді кепілдік берілген тұтыну көлемінде сатып алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік болмаған жағдайда - товарлар мен қызметтің белгіленген мөлшерін аймақта қалыптасқан баға бойынша еркін сатып алуды қамтамасыз ететін көлемде ақшалай өтем төлеу туралы шешім шығарады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

8-статья. Тұтынушының сауда қызметін және өзге де қызмет көрсету саласындағы правосы

1. Тұтынушы бөлшек сауда сатып алу-сату шартын жасау жолымен халық тұтынатын товарларды еркін сатып алуға праволы, ол шарт бойынша сатушы (бөлшек сауда кәсіпорны, бірлестігі) басқа жақтың - тұтынушының меншігіне сапалы халық тұтынатын товарлар беруге міндеттенеді, оған шартта келісілген қызметтерді көрсетеді, сауда қызметін көрсетудің сапасы мен мәдениетін қамтамасыз етеді, ал тұтынушы белгілі бір ақша сомасын төлеуге міндеттенеді.

2. Тараптардың арасында шарттың аясы, баға туралы және тараптардың біреуі болса да келісуді талап ететін жағдайлар бойынша келісімге қол жеткен кезде бөлшек сауда сатып алу-сату шарты жасалды деп саналады.

3. Сауда орындарының ішкі және сыртқы витриналарына бағасы көрсетілген товарлар қою, қоғамдық тамақтандыру орындарының келушілерге ас мәзірін ұсынуы бөлшек сауда сатып алу-сату шартын жасауға ұсыныс деп танылады.

4. Жасалғаннан кейін жүзеге асырылатын бөлшек сауда сатып алу-сату шарттары товардың құнына қарамастан ауызша формада болады. Жүзеге асырылуы шарттың жасалу мерзіміне тәуелсіз бөлшек сауда сатып алу-сату

шарттары (алдын ала берілетін тапсырыстар бойынша, посылкамен сауда жасау кезінде, жеңіл автомобильдер сату кезінде және басқа жағдайларда) осындай шарттар үшін белгіленген жазбаша формада жасалады.

Тұтынушылардың праволарына Заңда немесе үлгі шартта белгіленген праволармен салыстырғанда қысым жасайтын шарттың ережелері жарамсыз деп танылады. Егер шарттың ережелерін қолдану нәтижесінде тұтынушыға зиян келген болса, онда өндіруші (сатушы) бұл зиянды толық өтеуге тиіс.

Өндіруші (сатушы) өндірістік, не сауда қызметіндегі өз жағдайының артықшылықтарын пайдалануға байланысты келтірген зиянды тұтынушының өндіріп алуға правосы бар.

5. Бөлшек сауда кәсіпорны, бірлестігі атқарушы-өкімші орган бекітетін товарлардың міндетті түр-түрінің минимумын сақтауға тиіс.

6. Сауда орны товарлардың түр-түрінің минимумында көзделген товардың болмауынан шарт жасасудан бас тартқан жағдайда сауда орнына сатып алушыға товарды басқа магазиндерден сатып алу мүмкіндігі, товардың түсуі мүмкін уақыт туралы хабар беру міндеті жүктеледі.

7. Сауда қызметін көрсету процесінде тұтынушы мен сауда орнының қызметкері бір-бірінің ар-намысына, қадір-қасиетіне тимеуде, адамгершілік және этика нормаларын сақтауда бірдей праволы.

Адамгершілік және этикалық нормаларды сақтамаған, тұтынушы немесе сауда орнының қызметкерін қорлаған, не олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне өзгедей тіл тигізген жағдайда кінәлі адамдар жұрт алдында кешірім сұрауға міндетті. Зардап шегуші бұл талабы орындалмаған жағдайда өз правосын қорғау үшін сотқа немесе әкімшілік комиссиясына шағынуға праволы.

Тұтынушының жеке мүліктік емес праволарын бұзу сауда орнының қызметкеріне тәртіптік, әкімшілік, материалдық шаралар қолдануға, ал заңдарда көзделген жағдайда қылмыстық жауаптылыққа апарып соғады.

Тұтынушы аталған нормаларды бұзған кезде сатушы ол туралы материалды тиісті шара қолдану үшін милиция органдарына немесе жұмыс істейтін жеріне беруге праволы.

8. Сатушы (орындаушы) тұтынушыға өз кәсіпорнының аты мен қайда қарайтыны туралы толық және көрнекі хабарлама беруге міндетті.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

9-статья. Тұтынушының сапалы өнімге, жұмысқа және қызметке правосы

1. Тұтынушы өзіне сатушы немесе өндіруші кемшіліктер туралы алдын ала хабарлаған және олармен келіскен кезден басқа жағдайда сапалы товар алуға, сапалы жұмыс, қызмет орындатуға праволы.

Тұтынушылардың праволарын қандай да болсын тікелей немесе жанама
ш е к т е у г е ж о л б е р і л м е й д і .

2. Қолданылып жүрген нормативтік-техникалық құжаттар товарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасын анықтайтын негіз болып табылады, ал құжаттық негіз болмаған жағдайда өнім үлгілері немесе осындай товарлар мен қызметтер үшін заңдар арқылы сапаға қойылатын талаптар болып табылады.

3. Тұтынушылардың өнім сапасына қойылатын талаптарды нормалауға деген мүдделерін жүзеге асыру тұтынушылар қоғамдарының, одақтарының (федерацияларының) мемлекеттік стандарттарды немесе басқа нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеуге қатысу правосымен қамтамасыз е т і л е д і .

4. Тұтынушы сатып алған товарларының сапасын, ондағы бөлшектердің түгелдігін, өлшемдерін, салмағын және бағасын тексеруге, олардың ыңғайлылығын қарап көруге, сондай-ақ оларды хауіпсіз де дұрыс пайдалануды ү й р е н у г е п р а в о л ы .

Сатушы мұндай жағдайда оған бақылау-өлшеу приборларын, товарлардың бағасы туралы құжаттарды беруге, ал қажет болған жағдайда товарды сараптамаға жіберуге көмектесуге міндетті.

5. Тұтынушы товарлар мен қызметтерді еркін таңдап алуға праволы. Сатушы тұтынушының товарлар мен қызметтерді еркін таңдап алуына барынша көмектесуге міндетті. Тұтынушыны сапасыз товарлар мен қызметтерге, өнімнің өзіне керегі жоқ түрлеріне келісім беруге немесе тұтынушылық праволарын пайдаланудан бас тартуға мәжбүр ету мақсатымен өндірушінің, сатушының өндірістік, не коммерциялық қызметте өз жағдайының артықшылықтарын п а й д а л а н у ы н а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

6. Отандық, сондай-ақ шетелдік товарларды сатқаннан кейін тұтынушыға товар үшін көзделген қызмет көрсетуге кепілдік берілуге тиіс.

7. Бұл правоны қамтамасыз етпегені үшін кәсіпорын немесе товарды сатқан азамат, не тиісті қызметтерді (жөндеу жұмыстары және т.б.) көрсету тапсырылған адам тұтынушының алдында жауапты болады. Товарды сатқаннан кейінгі қызмет көрсету және оның жағдайлары туралы тұтынушыға қажетті хабарламаны товарды сатушы, сондай-ақ тиісті қызметті көрсеткен адам беруге т и і с .

8. Өндіруші өнімнің, соның ішінде жабдықтаушы бұйымдардың Қазақ ССР заңдарында, стандарттармен және өзге нормативтік-техникалық құжаттарда белгіленген кепілдік берілген мерзім ішінде дұрыс жұмыс істеуін (қолданылуын, пайдаланылуын) қамтамасыз етуге міндетті.

9. Жабдықтаушы бұйымдардың кепілдік берілген мерзімі, егер Қазақ ССР заңдарында нормативтік-техникалық құжаттарда өзге жағдай белгіленбеген

болса, негізгі бұйымның кепілдік берілген мерзімінен кем болмауға тиіс.

10. Өндіруші пайдаланудың кепілдік берілген мерзімін белгілейтін товарлар мен қызметтер бойынша тұтынушыға кепілдік берілген мерзім ішінде көзделген қызметтердің бәрін тегін көрсету қамтамасыз етілуге тиіс.

11. Өндіруші өнімнің қосалқы бөлшектерін шығарып, оны қажетті мөлшерде сауда желісіне беруді, оған техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді бүкіл өндіру мерзімі ішінде, ал өндірістен алып тасталған соң өнімнің қызмет ету мерзімі ішінде, ал мұндай мерзім болмаған ретте он жыл бойы қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

Аталған мерзім ішінде сатушы тұтынушыға қажетті қосалқы бөлшектердің болуын қамтамасыз етуге міндетті.

12. Дайындаушы, не сауда ұйымы өз міндеттерін орындамауы салдарынан тұтынушыға келген зиян толық өтелуге тиіс.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

10-статья. Тұтынушының сапалы товар айырбастап алу правосы

Егер белгілі бір себептермен өзінің қажеттерін қанағаттандырмайтын болса немесе қажетті қасиеттері болмаса, тұтынушы өзі сатып алған сапалы азық-түлік емес товарды айырбастауға праволы.

Тұтынушы сапалы өнім айырбастап алуға праволы мерзім Қазақ ССР заң актілерімен белгіленеді. К 990409

Товардың түр-түсінің, тұтынушылық қасиеттерінің, пломбыларының немесе жазбаларының, товарлық немесе кассалық чегінің немесе сатушы тұтынушыға сатылған товармен бірге берген басқа да құжаттардың сақталуы товар айырбастаудың міндетті шарты болып табылады.

Осы статьяда аталған негіздер бойынша айырбастауға жатпайтын товарлардың тізбесін Қазақ ССР Министрлер Кабинеті бекітеді.

Айырбастау кезінде ондай товар сатуда болмаған жағдайда тұтынушы товардың құнын қайта есептетіп, сол жерде бар товарлардың кез келген түрін сатып алуына болады, не товардың құны мөлшеріндегі ақшаны қайтарып алуына яки тиісті товар сатуға түсісімен сондай товарға айырбастап алуына болады. Сатушы товар айырбастап беруді талап еткен сатып алушыға оның сатуға түскені туралы хабарлауға міндетті.

11-статья. Тұтынушының өнім туралы хабарлама алу правосы

1. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) тұтынушыға оның назарын аударған өнімнің бағасы, тұтыну қасиеттері, сатып алудың заңды әдістері немесе оны бөлудің жергілікті жерлерде қабылданған формалары, кепілдік міндеттемелері

мен кінә тағу тәртібі, сондай-ақ өнімді пайдаланудың, оны сақтаудың және хауіпсіз кәдеге жаратудың әдістері мен ережелері туралы қажетті және нақты хабарлама беруге міндетті.

Тамақ өнімдері жөнінде құрамы, кенеулілігі, денсаулыққа зиянды заттардың бар-жоғы және дайындалу мерзімі туралы хабарлама берілуге тиіс.

Қызметтер жөнінде де тұтынушыға орындаушының жұмыстарды атқаруы мен қызмет көрсету ережелері туралы хабарлама берілуге тиіс.

2. Осы статьяның 1-тармағында көзделген хабарлама өнімге қоса берілетін құжаттама, сондай-ақ маркалау, дайындалған және сатылған уақытын көрсету немесе жекелеген қызмет көрсету салаларында қабылданған өзге де әдістер арқылы тұтынушыларға жеткізіледі.

Азық-түлік товарларының, дәрі-дәрмектің, косметикалық заттардың және уақыт өте келе тұтынушылық қасиеттері нашарлай беруі мүмкін басқа да өнімнің маркасында (этикеткасында) сатылған уақыты және белгіленген талаптарға сәйкес мұндай өнімнің жарамдылық мерзімі көрсетілуге тиіс.

Өнімді сатып алу әдістері мен бөлу формалары туралы хабарламаны тұтынушыларға олардың өтініштері бойынша атқарушы-өкімші органдар, сауда ұйымдарының өкілдері - тиісті сауда жүйесінің сатушылары береді.

3. Кәсіпорын шығарған өнімнің, заңдарда көзделген реттерден басқа кезде, өндірістік маркасы болуға тиіс. Өндірістік марка дайындаушының атын, оның тұрған жерін, дайындалған өнім сай келуге тиіс нормативтік-техникалық құжаттаманың белгісін қамтиды. P080277

4. Жеке еңбек қызметінде азаматтың өзі немесе кооперативтер дайындаған өнімнің патент (дайындауға рұқсат) номер және оны берген органның аты, сондай-ақ міндетті талаптары осы өнімге қолданылатын мемлекеттік стандарт көрсетілген этикеткасы болуға тиіс.

Аталған талаптар көрсетілген (заңдарда көзделген реттерден басқа кезде) товар белгісі жоқ не бөтен товар белгісі пайдаланылған азық-түлік және азық-түлік емес товарларды өткізуге тыйым салынады және әкімшілік тәртіппен жергілікті бюджеттің табысына аударылатын 200 сомнан 1000 сомға дейін штраф төлеттіре отырып товар алып қойылады.

5. Егер өткізілетін өнім туралы дұрыс емес немесе жеткілікті дәрежеде толық емес хабарлама мынаған әкеліп соқса:

- қажетті тұтыну қасиеттері жоқ өнім сатып алынса - тұтынушы шартты бұзуға және өзіне келтірілген шығынның орнын толтыруды талап етуге праволы;

- сатып алынған өнімді мақсатына қарай пайдалану мүмкін болмаса - тұтынушы ақылға сыйымды қысқа мерзім ішінде аталған хабарламаны беруді талап етуге праволы. Егер хабарлама айтылған мерзімде табыс етілмесе -

тұтынушы шартты бұзуға және шеккен зиянның орнын толтыруды талап етуге
п р а в о л ы ;

- тұтынушының денсаулығына, өмірі мен мүлкіне зиян келтірілсе - ол сатушыға (дайындаушыға) осы Заңның статьяларында көзделген талаптарды қ о ю ғ а п р а в о л ы .

6. Құйтұрқы жарнама беру нәтижесінде сатып алынған өнімнен тұтынушыға келтірілген зиян жарнама берушінің толық көлемде өтеуіне жатады.

7. Өнім туралы дұрыс емес немесе жеткілікті дәрежеде толық емес хабарламадан не құйтұрқы жарнамадан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы тұтынушының талаптарын қараған кезде тұтынушының сатып алынған өнімнің қасиеттері мен сипаттамалары туралы арнаулы таным-білімі жоқтығы туралы болжамды басшылыққа алу қажет.

8. Атқарушы-өкімші орган жауапты қызметкерінің немесе сауда ұйымы өкілінің - тиісті сауда жүйесі сатушысының өнімді сатып алу әдістері немесе бөлу формалары туралы хабарлама беруден бас тартуы, не қасақана жалған хабарлама беруі әкімшілік жауаптылыққа немесе сот арқылы салынып, жергілікті бюджеттің табысына аударылатын 1000 сом мөлшеріндегі штрафқа әкеліп с о ғ а д ы .

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

12-статья. Тұтынушының өз өмірі мен денсаулығының хауіпсіздігін қамтамасыз ету правосы

1. Тұтынушы сатып алынған өнімді пайдалануы немесе оны сақтауы белгіленген қызмет ету мерзімі мен жарамдылық мерзімі ішінде өзінің өмірі, денсаулығы мен мүлкі үшін хауіпсіз болуына правосы.

2. Азаматтардың өмірі, денсаулығы мен мүлкі, сондай-ақ айналадағы орта үшін өнімнің хауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптар міндетті болып табылады және Қазстандарт басқармасында белгіленуге тиіс.

Егер өнімді хауіпсіз пайдалану немесе оны тасымалдау мен сақтау үшін арнаулы ережелерді сақтау қажет болса, дайындаушы (орындаушы) мұндай ережелерді әзірлеуге, ал сатушы (орындаушы) оларды тұтынушының назарына ж е т к і з у г е т и і с .

3. Өнім өндіру және өткізу кезінде хауіпсіздік жөніндегі талаптардың сақталуына бақылауды арнаулы мемлекеттік және қоғамдық органдар (Қазстандарт басқармасы, Мемлекеттік сауда инспекциясының, санитариялық-эпидемиологиялық станцияның, социалистік меншікті талан-таражға салуға қарсы күрес бөлімінің территориялық органдары, тұтынушылар қоғамы) жасауға тиіс.

4. Қазстандарт басқармасында азаматтардың өмірінің, денсаулығы мен

мүлкінің хауіпсіздігін, айналадағы ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптар белгіленген өнімдер, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығының хауіпсіздігін қамтамасыз ететін құралдар белгіленген тәртіппен міндетті түрде сертификатталуға жатады. Аталған талаптарға өнімнің сай келетіндігін қуаттайтын белгісі жоқ мұндай өнімді Қазақ ССР-інде өткізуге және пайдалануға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

5. Егер пайдаланылуы азаматтардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне, сондай-ақ айналадағы ортаға зиян келтіруі мүмкін өнімде хауіпсіздік жөніндегі міндетті талаптардан тұратын Қазстандарт басқармасы жоқ болса, компетентті мемлекеттік басқару органдары мұндай стандарттардың әзірленуін және күшіне енгізілуін дереу қамтамасыз етуге міндетті.

6. Егер өнімнің пайдаланылуы немесе сақталуы азаматтардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіретіні немесе зиян келтіруі мүмкін екені белгілі болса, дайындаушы (сатушы) зиянды тудыратын себептер анықталғанға дейін оны өндіруді (өткізуді) дереу тоқтата тұруға, ал қажет болған реттерде оны айналымнан алу және тұтынушыдан қайтарып алу жөнінде шаралар қолдануға м і н д е т т і .

7. Егер өнімнің хауіпті қасиеттері туралы оны өткізу және тұтынушының пайдалануы процесінде белгілі болса, онда осы статьяның 6-тармағында көзделген шаралардан басқа, дайындаушы (сатушы) ықтимал қатер, өнімнің хауіпті қасиеттерінің сипаты, азаматтардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне немесе айналадағы ортаға зиян келтірудің алдын алу шаралары, ықтимал зардаптар және оларды болдырмау үшін қажетті іс-әрекеттер туралы тұтынушыны хабардар етуге міндетті.

8. Егер өнімнің хауіпті қасиеттерін жою мүмкін болмаса, дайындаушы мұндай өнімді өндірістен дереу алып тастауға міндетті. Дайындаушы бұл міндеттерді орындамаған кезде компетентті республикалық органдар, Қазақ ССР Министрлер Кабинеті (республикалық кәсіпорындар дайындайтын өнім бойынша және республика территориясында өткізілетін өнім бойынша) мұндай өнімді өндірістен дереу алу, оны айналымнан алып тастау туралы шешім қабылдайды. Жергілікті рынок үшін шығарылатын өнім бойынша атқарушы-өкімші орган шешім қабылдайды.

9. Өнімді қайтарып алуға байланысты тұтынушыға келтірілген зиян дайындаушының (сатушының) толық көлемде өтеуіне жатады.

Егер дайындаушы (сатушы) хауіпті қасиеттері бар өнімді қайтарып алу жөнінде барлық шараларды қолданса, ол аталған өнімді тұтынушының пайдалана беруіне байланысты келтірілген зиян үшін жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы .

10. 6, 7, 8-тармақтарда баяндалған талаптар бұзылған ретте, егер заңдарда

жауапкершіліктің неғұрлым жоғары мөлшері белгіленбеген болса, дайындаушы (сатушы) өнімнің сапасына бақылауды жүзеге асыратын органдардың шешімі бойынша мемлекеттік бюджет кірісіне өткізілген өнімнің құны мөлшерінде штраф төлейді. К010155 , К970167

11. Белгілі бір мерзімнен артық пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығы немесе айналадағы орта үшін хауіп туғызатын өнімге қызмет ету мерзімі белгіленуге тиіс, бұл өнімдерді одан артық пайдалануға тыйым салынады. Бұл талап тұтас өнімге де, оның жекелеген бөліктеріне де қолданылады.

12. Тұтынушыға бұйымның немесе оның бөліктерінің тағайындалған қызмет ету мерзімі жол беруге болатын шекті қызмет ету мерзімі келген кездегі іс-қимыл, ұсынылған іс-қимыл орындалмаған жағдайда болуы мүмкін зардаптар туралы ескертілуге тиіс.

13. Өмір мен денсаулық үшін хауіп туғызатын өнім шығарғаны үшін:

- өнімді талдап-зерттеуші;
- өнімді дайындаушы;
- өмір мен денсаулыққа хауіпті стандартты бекіткен орган;
- өнімді өткізуге рұқсат берген немесе оның сапасына сертификат берген ұйымдар;
- хауіпті өнімді шығаруға немесе өткізуге рұқсат еткен денсаулық сақтау органдары заңдарда белгіленген жауаптылыққа тартылады.

14. Хауіпсіздік және айналадағы ортаны қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманың міндетті талаптарына сай келмейтін өнім қайта жасауға жіберіледі, ал ол мүмкін болмаған жағдайда белгіленген ережелерге сәйкес жойып жіберіледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

13-статья. Сотқа және уәкілдік берілген басқа да мемлекеттік және қоғамдық органдарға шағыну правосы

Өз праволары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында азаматтар өз инициативасы бойынша сапасыз не көтеріңкі бағамен өткізілген өнім (жұмыс және қызмет) өндірушіге немесе сатушыға кінә қойып арыз айтуға праволы. Кемшілікті өз еркімен түзеуден және келген зиянды өтеуден бас тартылған жағдайда тұтынушы сотқа талап қоюға праволы. Бұл орайда талап бағасының мән-маңызы ескерілмейді.

Тұтынушының сапалы өнімге, жұмыс пен қызметке және олар туралы хабарламаның дұрыстығына правосын қамтамасыз ету үшін сапаға бақылауды арнаулы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар (Қазстандарт басқармасының территориялық органдары) және басқалар жүзеге асырады.

Тұтынушылар қоғамдары (одақтары) өз функцияларын ССРО Қазстандарт басқармасы органдарымен тығыз байланыс жасай отырып жүргізеді.

Тұтынушыларды қорғау мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- осы праволарды тану;
- право бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру және право бұзатын әрекеттерді тыйып тастау;
- міндетін заттай орындауға мәжбүрлеу;
- право қатынастарын тоқтату немесе өзгерту;
- право бұзған адамнан келген зиянды өндіріп алу, ал Заңда немесе шартта көзделген реттерде айып (штраф, өсім) алу, сондай-ақ Заңда көзделген өзге де әдістермен өтем алу.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

14-статья. Сапасыз товарлар өткізгені үшін жауаптылық

1. Егер кепілдік берілген мерзім немесе жарамдылық мерзімі ішінде, ал олар болмаған ретте республиканың заң актілерімен немесе шартпен белгіленген мерзім ішінде тұтынушы товардың сапасыз екенін байқап қалса, ол өз қалауы бойынша товардың сатып алу бағасын соған сәйкес кемітуді, не оның кемшіліктерін тегін түзеп беруді немесе сапалы товарға айырбастап беруді, не келген зиянды өтей отырып шартты бұзуды талап етуге праволы.

Кепілдік берілген мерзімдер нормативтік-техникалық құжаттамалар немесе шарт арқылы белгіленеді және товарлар сатылған күннен бастап, ал жарамдылық мерзімдері дайындалған кезінен бастап есептеледі.

2. Тұтынушының осы статьяның 1-тармағынан туындайтын талаптары товар үшін белгіленген кепілдік берілген мерзім ішінде товар сатып алынған жердегі сауда ұйымына, сатушыға немесе тұтынушының тұрған жеріндегі оның өкіліне қойылады. Кепілдік берілген мерзім белгіленбеген товарлардың кемшіліктері байқалған жағдайда сатып алған күнді санамағанда 14 күндік мерзім ішінде немесе лабораториялық талдау арқылы, не сауда сарабынан өткізу нәтижесінде расталған жасырын ақаулар болған жағдайда және одақтық, республикалық органдар бекіткен жекелеген ережелерде айырбастау тәртібі айтылмаған жағдайда 6 ай ішінде талап қойылады. Одақтық товарлар (киім, теріден жасалған және басқа бұйымдар) үшін кінә қою мерзімі тиісті маусым келген кезден бастап есептеледі.

3. Өткізілетін товарлардың профиліне сәйкес мемлекеттік сауда ұйымдары мен товардың сатушысы емес тұтынушылар кооперациясының сауда ұйымдары тиісті сауда жүйелерінің сатушысы - сауда ұйымдарының өкілдері функцияларын атқарады.

Меншіктің өзге формаларына негізделген сатушы - сауда ұйымдарының

өкілдері олар құрған, тиісті профильдегі товарларды өткізетін сауда ұйымдары
б о л а д ы .

Тұтынушы дайындаушыға, не өзінің товарларын жөндеу және оған қызмет көрсету үшін құрған ұйымдарға немесе дайындаушымен шарт жасасу негізінде жөндеу жұмыстарын жүргізіп қызмет көрсетушіге де товарды айырбастау, оның кемшіліктерін тегін түзеп беру немесе оны түзеу жөніндегі шығынның орнын толтыру туралы талап қоюға праволы.

4. Сатушы, дайындаушы (олардың өкілдері) тұтынушыдан товарды қабылдап алуға міндетті. Товар болған жағдайда тұтынушының оны айырбастау талабы дереу қанағаттандырылуы керек, ал сапасын тексеру қажеттігі пайда болған кезде республиканың заң актілерімен немесе тараптардың келісімімен белгіленген мерзім ішінде (бірақ 14 күннен асырмай) қанағаттандырылуы керек.

Товар болмаған жағдайда тұтынушының айырбастау талабы тиісті өтініш жасалған кезден бастап 2 ай мерзім ішінде қанағаттандырылуы керек.

Осы тармақта аталған мерзімдерді бұзған әрбір күні үшін сатушы (оның өкілі, дайындаушы) тұтынушыға айырбасталған товарды берумен бірге товар құнының бір проценті мөлшерінде айып төлейді.

Товар айырбасталған жағдайда кепілдік берілген мерзім айырбасталған күннен бастап қайтадан есептеледі.

5. Өндіруші кепілдік берілген пайдалану мерзімін белгілейтін товарлар бойынша тұтынушыға кепілдік берілген мерзім ішінде көзделген барлық қызметтердің көрсетілуі қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл тиісті сауда жүйелері арқылы сатылған отандық товарларға да, шетелдік товарларға да қатысты.

6. Кепілдік берілген мерзім ішінде көрсетілетін қызметтер жөнінде тұтынушы :

- кепілдік берілген шеберханада жөнделуге немесе магазинге қайтаруға жататын көлемді (көлемі 100 x 50 x 30) және ауыр (10 килограмнан асатын) заттар, мүліктер апаратын жеріне және кері қарай тұтынушыға шеберхананың немесе магазиннің күшімен және солардың есебінен жеткізілуін, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда берілген есепке немесе қолданылып жүрген тарифке сәйкес тұтынушыға транспорт шығындары өтелуін;

- кепілдік беретін шеберхана техникалық жағынан күрделі заттар жөндеуде тұрған кезінде өзіне сондай затты жөндеу мерзіміне тегін пайдалануға беруін,
ж е т к і з і п б е р у і н ;

- кепілдік берілген жөндеу мерзімі сатып алушы бірінші рет өтініш жасаған кезден бастап 10 күннен аспауын;

- кепілдік берілген мерзім сол заттың кепілдік беретін жөндеуде болған уақытына ұзартылуын талап етуге праволы.

7. Тұтынушының товар жөнделіп жатқан кезде сондай үлгідегі (маркадағы,

түрдегі) товар беру туралы талабының орындалмаған әр күні үшін, сондай-ақ кемшіліктерді түзеудің сатып алу-сату шартынан туындайтын мерзімін кешіктірген әр күні үшін сатушы, дайындаушы (олардың өкілдері) тұтынушыға товардың бөлшек сауда бағасының бір проценті мөлшерінде айып төлейді.

8. Тұтынушы тұрған жерде сауда ұйымының өкілі болмаған жағдайда ол товарды сатып алған жердегі сауда ұйымының атына немесе сатып алынған товардағы ақау туралы актімен қосып оның өкіліне жіберуге праволы. Бұл жағдайда сатушы тұтынушыға өнімдегі ақауды анықтауға және товарды жөнелтуге байланысты шығындарды түгел өтеуге міндетті.

9. Егер сатушы товардың кемшілігі тұтынушының товарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы салдарынан болғанын дәлелдесе, тұтынушының осы статьяда көзделген талаптары қанағаттандырылмайды.

10. Тұтынушының осы статьяның 4, 6, 8-тармақтарында көзделген талаптары орындалмаған жағдайда тұтынушы өз қалауы бойынша осы статьяның 1-тармағынан туындайтын өзге талаптарды қоюға праволы. Бұл ретте кешіктірілген әрбір күн үшін төленген айып (штраф, өсім) тұтынушыға осы статьяға сәйкес өтеуге жататын шығындардың және өзге де төлемдердің есебіне қ о с ы л м а й д ы .

11. Сапасыз товарды сол маркадағы (артикулдағы) товарға ауыстырған кезде баға өзгерген жағдайда құны қайта есептелмейді.

Сапасыз товарды сондай сабақтас белгілері бар, бірақ басқа маркадағы (артикулдағы) товарға ауыстырған ретте баға өзгерген жағдайда ауыстырған кезде қолданылып, товарларда көрсетілген бағалар басшылыққа алына отырып, құны қ а й т а е с е п т е л е д і .

Шартты тоқтатқан кезде тұтынушымен есеп айырысу товар бағасы қымбаттаған жағдайда тиісті талапты қойған кездегі оның бағасы, ал баға арзандаған жағдайда - сатып алу кезіндегі товар бағасы басшылыққа алына о т ы р ы п ж ү р г і з і л е д і .

12. Товарды дайындаушы товарды сатушы емес сауда ұйымына тұтынушының осы статьяда көзделген талаптарын қанағаттандыруға байланысты шеккен шығынын толық көлемде өтеуге, сондай-ақ сауда ұйымына оның жұмсаған шығынының 10 процентін қосымша төлеуге міндетті.

15-статья. Сапасыз өніммен келтірілген залал үшін мүлiктiк жауаптылық

1. Өнімде конструкторлық өндірістік, рецептік және өзге де кемшіліктердің болуы себепті азаматтың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген залал, егер Қазақ ССР заңдарында жауаптылықтың әлдеқайда жоғары мөлшері көзделмеген болса, толық көлемінде өтеуге жатады. К990409

2. Атқарушымен немесе сатушымен шарттық қатынаста болған-болмағанына

қарамастан кез-келген залал шеккен тұтынушының сапасыз өніммен келтірілген залалды өтеуді талап ету правосы танылады.

Егер нормативтік-техникалық құжаттамада көзделген қызмет мерзімі ішінде, ал ондай жоқ болған ретте - өнім дайындаған кезден бастап 10 жыл ішінде тұтынушының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне залал келтірілсе, ол өтеуге ж а т а д ы .

3. Товардың кепілді мерзімі немесе жарамдылық мерзімі ішінде, ал ол жоқ болған ретте, осы Заңның 14-статьясының 1-тармағында белгіленген мерзім ішінде анықталған кемшіліктері салдарынан келтірілген залал осы товарды сатушының немесе оны дайындаушының өтеуіне жатады.

Товардың кепілді мерзімі біткеннен кейін анықталған кемшіліктер салдарынан келтірілген залал осы товарды дайындаушының өтеуіне жатады.

Жұмыстың және қызметтің кемшіліктері салдарынан келтірілген залал атқарушының өтеуіне жатады.

Егер сатушы, дайындаушы, атқарушы залал тұтынушының өнімді пайдалану немесе сақтау ережелерін бұзуы салдарынан болғанын дәлелдесе, жауаптылықтан босатылады.

4. Осы статьяның 1-тармағында көрсетілген товармен келтірген залалды өтеу туралы сот шешім шығарған ретте, залал келтірген товардың бүкіл партиясын айналымнан алу, ал қажет болған жағдайларда - тұтынушылардан кері қайтарып алу мәселесі де қаралады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

16-статья. Жұмыстар орындау және қызметтер көрсету туралы шарттардың жағдайларын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Егер өндіруші шартты орындауға дер кезінде кіріспесе немесе жұмысты белгіленген мерзімге қарай бітіру мүмкін болмайтындай өте баяу жүргізетін болса, тұтынушы (тапсырыс беруші) жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету туралы шартты бұзып, шығынның орнын толтыруды талап етуге правосы (Арнаулы шартта ескертілген жағдайдан басқа кезде).

2. Егер жұмысты орындау немесе қызмет көрсету кезінде ол шарттың жағдайларына сәйкес орындалмайтыны белгілі болса, тапсырыс беруші орындаушыға кемшіліктерді түзеу үшін тиісті мерзім тағайындауға, ал бұл талап тағайындалған мерзімде орындалмаған ретте шартты бұзуға, не шығынның орнын толтыруды талап етуге немесе үшінші адамға өндірушінің есебінен кемшіліктерді түзеуді тапсыруға правосы.

3. Егер өндіруші орындалған жұмыстың сапасын нашарлата отырып шарттың жағдайларынан шегінетін болса не өзге кемшілікке жол берсе, тапсырыс беруші

өз таңдауы бойынша аталған кемшіліктерді өз қаржысымен тегін түзетуді немесе жұмыс (қызмет) үшін төленетін ақыны соған сәйкес азайтуға праволы.

4. Осы статьяның 2, 3-тармақтарына сәйкес белгіленген кемшіліктерді жою мерзімі шарт жасасқан кезде, сондай-ақ кемшіліктер анықталған кезде қосымша көрсетілуі мүмкін.

Белгіленген мерзімде кемшіліктерді жоймаған, сондай-ақ жұмысты (қызметті) бастау және аяқтау мерзімін өткізіп алған жағдайда атқарушы жұмысты (қызметті) қабылдап алумен қатар тұтынушыға Қазақ ССР заңдарында немесе шартта көзделген кешіктірілген әрбір күн үшін айып (штраф, өсім) төлейді.
Қ 9 9 0 4 0 9

Орындалған жұмыстағы кемшіліктерді жою мерзімін өткізіп алған жағдайға белгіленген кешіктірілген әрбір күн үшін айып (штраф, өсім) өтелуге жататын шығынның есебіне қосылмайды.

Егер атқарушы мерзімді өткізіп алу тұтынушы кінәсінің салдарынан болғанын дәлелдесе жұмысты (қызмет көрсетуді) орындауды және кемшіліктерді жоюды бастау және аяқтау мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

5. Жұмыстарда (қызметтерде) шарттан елеулі шегініс жасалған болса немесе өзге не елеулі кемшіліктер болса, тапсырыс беруші шартты бұзуды және шығынның орнын толтыруды талап етуге праволы.

6. Тұрмыстық тапсырыс шарты бойынша тапсырыс берушінің материалынан дайындалған өнімнен шарттан елеулі шегініс немесе басқа да елеулі кемшіліктер байқалған болса, тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша сапасы тап сондай бірдей материалдан басқа өнім дайындауды, не шартты бұзып, шығынының орнын толтыруды талап етуге праволы.

7. Егер кемшілік тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдеп шықса, өндіруші орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерге жауапты болмайды.

8. Шарттың жағдайларынан шегіну және өнімді қабылдаудың кәдімгі әдісі кезінде байқалмайтын жұмыстың басқа да кемшіліктері туралы тапсырыс беруші орындаушыға олар байқалғаннан кейін дереу хабарлауға міндетті.

9. Тапсырыс берушінің осы статьяда көзделген талаптары кемшіліктердің кепілдік берілген мерзім немесе тараптар үшін міндетті ережелермен немесе шартпен белгіленген өзге мерзімдер ішінде байқалған жағдайда қанағаттандырылуы керек.

10. Егер орындаушы шартқа сәйкес міндеттемелерін орындамаса, не дұрыс орындамаса, онда ол тапсырыс берушіге шартта белгіленген айып (штраф, өсім) төлейді және айып (штраф, өсім) жаппаған шығынның орнын толтырады.

11. Орындаушының мерзімді кейінге қалдырғаны немесе міндеттемені өзгедей жолмен дұрыс орындамағаны үшін белгіленетін айыпты (штрафты,

өсімді) төлеуі оны міндеттемені заттай орындаудан босатпайды.

12. Егер жағдай заттың тапсырыс беруші ескертпеген ерекше қасиеттерінен пайда болғанын дәлелдей алмайтын болса, орындаушы жұмыс орындау немесе қызмет көрсету үшін өзі тапсырыс берушіден қабылдаған заттың жоғалуына, бұзылуына немесе зақымдануына байланысты пайда болған шығынды рыноктық құны бойынша өтеуге міндетті. Жұмыс орындау және қызмет көрсету үшін өзі тапсырыс берушіден қабылдаған заттың ерекше қасиеттерін анықтауға ғылыми және техникалық ғылым-білім деңгейі мүмкіндік бермеген болса, орындаушы жауаптылықтан босатылмайды.

13. Орындаушы қасиеттерін білетін-білмейтініне қарамастан материалдар, жабдықтар, приборлар, құрал-сайман, тетіктер пайдалануға немесе қызмет көрсетуге байланысты тапсырыс берушінің өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келген зиян үшін орындаушы жауапты болады.

14. Егер тұтынушы қызмет көрсетушіні үйге шақырған кезде алдын ала ескертпестен қызметтен бас тартса, тұтынушы шақырғаны үшін ақы төлейді.

Егер қызмет көрсетуші тұтынушыға ескертпеген және тағайындалған уақытта үйге келмеген болса, қызмет көрсетуші тұтынушыға келген зиянды өтейді.

15. Жұмысты орындау және қызмет көрсету туралы шарттың талаптары бұзылуының осы статьяны қолдануға жатпайтын салдары Қазақ ССР заң актілері бойынша белгіленеді. К990409

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

17-статья. Шарттың тұтынушының праволарына қысым жасайтын жағдайларының жарамсыздығы

Шарттың тұтынушылардың праволарын қорғау туралы заңдармен белгіленген праволармен салыстырғанда тұтынушының праволарына қысым жасайтын жағдайлары жарамсыз деп танылады. Егер шарттың тұтынушының праволарына қысым жасайтын жағдайларын қолдану нәтижесінде оған зиян келген болса, онда бұл зиянды дайындаушы (орындаушы, сатушы) толық өтеуге тиіс.

18-статья. Моральдық залалды өтеу

Азаматтың тұтынушылардың праволарын қорғау туралы заңда көзделген праволарын бұзу салдарынан келтірілген моральдық залал кінәсі болған ретте, егер Қазақ ССР заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, сот белгілеген мөлшерде залал келтірушінің өтеуіне жатады. К990409

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

19-статья. Өнімнің, жұмыстың және қызметтің сапасын мемлекеттің қамтамасыз етуі мен бақылауы

1. Министрлер Кабинеті, министрліктер мен ведомстволар, халық депутаттарының жергілікті Советтері өз компетенциясы шегінде тұтынушылардың праволары мен заңды мүдделерін қорғау саясатын әзірлеуге және белсенді түрде жүргізуге міндетті.

2. Тұтынушылардың праволарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында осы статьяның 1-тармағында аталған басқару органдары мынадай функцияларды жүзеге асыруға міндетті:

- рынокты товарлармен, жұмыстармен және қызметтермен молықтыруға экономикалық және әкімшілік шаралармен ықпал ету, өндірушілердің арасында, сондай-ақ товарлармен қызметтер өткізетін ұйымдар мен адамдардың арасында кінәратсыз бәсекелестікті кеңінен дамыту;

- тұтынушыларға өзінің экономикалық құралдарын барынша тиімді пайдалану мүмкіндігін жасау жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыру;

- дайындаушы-кәсіпорындар мен сауда ұйымдарының товарлар сатылғаннан кейін өндірілген товарлардың дұрыс қызмет көрсетуіне және қосалқы бөлшектердің болуына бақылауды қамтамасыз ету;

- тұтынушыларға арналған товарлар мен қызметтерді тиімді бөлу жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, азаматтардың жекелеген категорияларына Қазақ ССР-і заң актілерінде белгіленген тәртіппен сауда қызметін немесе өзге қызмет көрсетуде жеңілдіктер мен артықшылықтар беру;
Z 0 5 0 0 3 9

- товарлар мен қызметтердің хауіпсіздігі мен сапасы туралы нормалар мен ережелерді мезгіл-мезгіл қайта қарап, олардың жалпы жұрт таныған халықаралық нормаларға сай келуін қамтамасыз ету үшін шаралар қолдану;

- негізгі тұтыну товарлары мен қызметтерінің хауіпсіздігі, сапасы және техникалық сипаттамалары туралы куәліктер беру тәртібін белгілеу;

- пестицидтер мен химикалийлердің дұрыс сақталуы мен пайдаланылуына бақылау жасау, олардың бар екендігі туралы ақпарды товарлардың маркаларына енгізу тәртібін белгілеу; Z070302

- халықты тұтыну товарлары мен қызметтерінің барлық қырлары бойынша жан-жақты хабарламамен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану, халықтың мәдени дәстүрлерін ескере отырып, тұтынушыларды ағарту мен хабардар етудің жалпы бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз ету;

- тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі саясатты жүзеге асыруда басқа одақтас республикалармен және шет елдермен ынтымақтастықты дамыту ж ә н е н ы ғ а й т у ;

- қоғамдық ұйымдардың тұтынушылардың праволарын қорғау жөніндегі

қызметіне көмек көрсетіп, жәрдем беру.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

20-статья. Соттың тұтынушылар правоарын қорғауы

1. Азаматтардың осы Заңның 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-статьяларында көзделген талаптарын қанағаттандырудан бас тартылған кезде дауды заңдарда белгіленген тәртіппен сот шешеді.

Сот талаптары тұтынушының қалауы бойынша не талап етушінің, не жауап берушінің тұрған жері бойынша немесе зиян келген жерде қаралады.

2. Тұтынушылардың правоарын қорғайтын 500 сомға дейінгі сот талаптары талап етушінің келісімі бойынша Қазақ ССР Азаматтық істер жүргізу кодексінде белгіленген жеңіл процедура бойынша қаралуы мүмкін.

3. Азаматтың талабын қанағаттандырған кезде сот сонымен қатар оның талабын өз еркімен қанағаттандырудан бас тартқаны үшін сатушыдан, дайындаушыдан (олардың өкілдерінен), атқарушыдан тиісті бюджеттің кірісіне талаптың құны мөлшерінде штраф өндіріп алу мәселесін шешеді.

4. Азаматтың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне залал келтірілген жағдайда айыппұл сомасы сапасыз азық-түлік тауарларын өткізген кезде талап бағасының бес есе мөлшеріне дейін және өнеркәсіп тауарлары мен қызметтерін өткізген кезде үш есе мөлшеріне дейін арттырылып, сатушы, дайындаушы (орындаушылар) кейіннен жауапқа тартылуы мүмкін.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

III БӨЛІМ. ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРЫ

21-статья. Тұтынушылар қоғамдарына (одақтарына) бірігу правоы

Қазақ ССР, ССРО азаматтары ерікті негізде тұтынушылар қоғамдарына (одақтарына) бірігуге правоы.

Тұтынушылар қоғамдары аудандарда, қалаларда, облыстарда және тұтас республикада одақтарға (федерацияларға) біріге алады.

22-статья. Тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарының правоары

Тұтынушылардың қоғамдары мен одақтары қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы немесе тұтынушылар қоғамдары уәкілдерінің жиналысы қабылдайтын жарғыларға сәйкес жұмыс істейді және заңды ұйымдар болып табылады.

Тұтынушылар қоғамдары мен одақтар өз қызметін Қазақ ССР заңдарына сәйкес жүргізетін коммерциялық емес қоғамдық ұйымдар болып табылады.

Тұтынушылар қоғамдары тұтынушылар праволарының бұзылуын жою үшін
мынадай шаралар қолданады:

- товарларға, жұмыстар мен қызметтерге, олардың бағалары мен тарифтеріне
тәуелсіз сараптама жүргізеді;

- қызмет көрсетудің әртүрлі салаларында тұтынушылар праволарының
сақталуын тексереді;

- право қорғау және бақылау органдарына көтеріңкі бағалар бойынша немесе
сапа жөніндегі белгіленген талаптарға сай келмейтін өнім шығару мен өткізуге,
сауда және халыққа қызмет көрсету ережелерін бұзуға кінәлі адамдарды жауапқа
тарту туралы материалдар береді;

- Қазстандарт басқармасының территориялық органдарына, халық
депутаттары Советтеріне, Қазақ ССР Министрлер Кабинетіне өнімнің сапасын
жақсарту жөніндегі шаралар туралы, сапа жөніндегі белгіленген талаптарға сай
келмейтін өнім шығару мен өткізуге тыйым салу туралы, оны өндіруді тоқтату
туралы, азаматтардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне хауіпті айналадағы
ортаға зиян келтіретін өнімді өткізу мен сатудан алып тастау туралы, сондай-ақ
қолданылып жүрген заңдарды бұзып белгіленген бағалардың күшін жою туралы
ұсыныстар енгізеді;

- өнімге, бағалар мен тарифтерге тәуелсіз сараптама жүргізеді;

- тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп бір орталықтан белгіленетін және
реттелетін бағаларды қолдануға бақылауды жүзеге асыруға қатысады;

- тұтынушылардың мүддесі үшін сот органдарына талаптар қояды және олар
қанағаттандырылған жағдайда жауапкерден өндірілген сома 70 процент
мөлшерінде тиісті бюджетке түседі әрі 30 проценті тұтынушылар қоғамының
есеп айырысу есебіне аударылады. Халық депутаттарының жергілікті Кеңесі
айыппұл сомасынан тұтынушылар қоғамына тиесілі процентті арттыруға қақылы
;

- сапасыз өнім өткізген, сауда орнынан бес метр шеңберде
санитарлық-гигиеналық жай-күй қанағаттанғысыз, қажетті құжаттамалары,
тауардың дайындаушысы, атауы, мөлшері, бағасы, сақталу мерзімі, бұрыштама
таңбасы және сапасын куәландырушы адамның қолы көрсетілген тауарлар ілмелі
ендері болмаған жағдайда тұтынушылар құқықтарын қорғау қоғамының тиісті
мемлекеттік органдарға кооперативтердің, коммерциялық дүкендердің, жеке
кәсіпкерлердің қызметін тоқтата тұру туралы талап етіп өтініш айтуға қақысы
бар.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26.
N 1435 Заңымен.

**23-статья. Тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарының
азаматтардың праволарын қорғауы**

Тұтынушылар қоғамдары, одақтары азаматтардың тапсыруы бойынша, не өз инициативасы бойынша сапасы дұрыс емес өнім сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) не көтеріңкі бағалар бойынша өткізушіге тәртіп бұзуларды жою және осы тәртіп бұзулар келтірген зиянды азаматтарға өз еркімен өтеу туралы к і н ә қ о ю ғ а п р а в о л ы .

Егер дайындаушы (атқарушы, сатушы) он күн ішінде қойылған кінәға жауап қайтармаса немесе тәртіп бұзушылықты жойып, келген зиянды өз еркімен өтеуден бас тартса, тұтынушылардың қоғамдық ұйымдары сотқа талап қоюға п р а в о л ы .

Қойылған талапты қанағаттандырған жағдайда сот дайындаушыдан (атқарушыдан, сатушыдан) тиісті бюджеттің кірісіне талаптың құны мөлшерінде штраф өндіріп алу туралы және тұтынушылардың қоғамдық ұйымдары шеккен шығынды өтеу туралы шешім шығарады.

Тұтынушылардың қоғамдық ұйымдары сатушының, дайындаушының (олардың өкілдерінің), атқарушының, сондай-ақ басқару органының тұтынушылардың белгісіз бір тобы жөніндегі әрекетін заңға қайшы деп тану және бұл әрекеттерді тоқтату туралы талап (коллективтік талап) қоюға праволы.

Коллективтік талапты қанағаттандырған кезде сот право бұзушыны белгіленген мерзім ішінде бұқаралық хабарлама құралдары арқылы немесе өзге де тәсілмен тұтынушыларға сот шешімін хабарлауға міндеттейді.

Коллективтік талап бойынша заңды күшіне енген сот шешімі аталған адамдардың әрекетінің азаматтық-праволық салдары туралы тұтынушы талабын қ а р а й т ы н с о т ү ш і н м і н д е т т і .

Тұтынушылар құқықтарын қорғау қоғамы сот сатыларына қарау үшін жолдаған талаптарға мемлекеттік баж салығы салынбайды.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1992.06.26. N 1435 Заңымен.

*Қ а з а қ С о в е т т і к
Социалистік Республикасының*

Президенті

А л м а т ы , 1 9 9 1 ж ы л ғ ы 5 м а у с ы м

N 640-XII